**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ**
**«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

# 2022-2023 оқу жылындағы мектептің өзін-өзі бағалауын қорытындысы

**2022-2023 оқу жылы**

**«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы»** Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда, білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде оларды пайдалану мақсатында "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2) тармақшасына сүйене отырып, 20.04.2023 ж - 20.05.2023 ж аралығында, арнайы бұйрықпен бекітілген комиссия мүшелерінің қатысуымен мектепке өзін-өзі бағалау жүргізілді.

\Комиссия құрамын көрсету/

1.Д.Н. Кудайбергенов - комиссия төрайымы, мектеп басшысы
2. М.Б.Смагулова –комиссия мүшесі, ДОІЖО
3. А.Т.Байменова –комиссия мүшесі, ДОІЖО
4.А.Ж.Мухамбетова –комиссия мүшесі, ДӘІЖО
5. А.Б.Калдыбаева –комиссия мүшесі, ДТІЖО
6. Ж.Н.Әбденов –комиссия мүшесі, ДТІЖО
7. Әлжанова М – комиссия мүшесі, бастауыш класс мұғалімі
8. А.Н.Елемесова – комиссия мүшесі, мектеп психологі
9. Ж. Иса –комиссия мүшесі, әлеуметтңк педагогы
10. Д.К.Курмангазин –комиссия мүшесі, ДШІЖО
11. Р.Е.Айдар –комиссия мүшесі, мектеп кітапханашысы

**Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылады**:

**1)** білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
**2)** оқытушылық және оқыту;
**3**) білікті қызметкерлердің болуы;
**4)** қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
**5)** білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
**6**) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалау ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына:

**1)** оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптарға;
**2)** білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
**3)** білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дайындық деңгейіне;
**4)** оқу мерзіміне сәйкестігін талдау жолымен жүзеге асырылады.
**5**. МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде Бағалау өлшемшарттары пайдаланылды.

Өзін -өзі бағалауды мақсатты жүргізу мақсатында іс шара жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілді. Қорытынды құрылымы мен мазмұнына, бағалау өлшемшарттарының 2-тарауының 1, 2, -параграфтарына сәйкес жасалды.

## *І-параграф.*
## *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары*

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту**

«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ –де мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесі мектепалды сыныбының жұмысымен ұйымдастырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады. Білім беру мекемесінде 3 мектепалды даярлық сыныбы бар.

**Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:**

1)оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;

**Аталған өлшемшарттар бойынша 2021- 2022 оқу жылына зерделеу жүргізілді. Мектепалды даярлық топтары** аптасына 5 күндік тәртібімен жұмыс жасайды. Оқу-тәрбие жұмысы қазақ тілінде жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының 1- қосымшасы негізге ала отырып құрылған. 2022-2023 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспары білім беру ұйымының басшысымен бекітілген, қалалық білім бөлімінің басшысымен келісілген.

Оқу жоспарының инвариантты бөлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартына енгізілген тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабақтар өткізіледі.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды: дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, математика негіздері; құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және музыка.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі мектепке дейінгі жастағы (2-5 жастағы) және даярлық сыныбындағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сай айқындалған. Апталық оқу жүктемесінің көлемі, ұзақтығы мен ұйымдастырылған оқу іс-шаралары санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді. Әрбір жас кезеңі үшін оқу жүктемесінің көлемі белгіленді.

Барлық оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу іс-шараларының қарастырылып отырған кезеңге кестелері басшымен бекітіліп, мекеме мөрімен куәландырылған. Негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес әзірленген мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес құрастырылған. Оқу жұмыс жоспарлары басшымен бекітіліп, мекеме мөрімен куәландырылған.

Осылайша, жұмыс оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие процесінің құрылымдалуын, олардың мемлекеттік талаптарға сай болуын және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыруын қамтамасыз ететін нақты бейнелейтіні анықталды.

**Қорытынды:** 2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес келеді.

***2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін***

***атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес іске асыру;***

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – мектепке дейінгі тәрбиенің үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, оның ішінде: оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу: физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру мақсатында құрылған. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау, бастауыш білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие берудің әртүрлі бастапқы мүмкіндіктерін жасау, бастауыш білім берудегі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, тәрбиеленушілер арасындағы оқыту, дамытушылық және тәрбиелік міндеттерді ескере отырып, сабақтастық пен сабақтастық принциптерін қамтамасыз ету шағын орталық және даярлық тобының негізгі міндеті болып табылады.

Білім беру ұйымындағы мектепалды даярлық сыныптарының перспективалық жоспары ұйымдастырылған оқу жылы басталғанға дейін жасалған және перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограмма ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылған. Циклограмма әр аптаға және оның құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар сақталған.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің лексикалық тақырыбына кіру, жоспарлау мен перспективаларды құруды талдау ұсынылды:

1. Барлық ұзақ мерзімді жоспарлар түсіндірме жазбамен қоса берілді.
2. Ұсынылған құжаттарда физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту құзыреттіліктері кіріктірілген.
3. Балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетіне дайындық көрсетілген.
4. Педагогтар циклограммаға қорытындылар мен бақылауларды жазу кезінде балалардың іс-әрекетінің есебін үнемі жүргізеді.

5. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мақсаттары перспективалық-тақырыптық жоспарлауға сәйкес келеді.

**Қорытынды:** білім беру және тәрбиелеу қызметі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды.

***3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі Үлгілік қағидалар) сақтау;***

Білім беру ұйымының мектепалды даярлық сыныптары төмендегі міндеттерді басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды.

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;
5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі жас тобы болып табылады, мектепалды даярлық сыныбы (5-6 жастағы балалар) – 3 топта, 25 баладан қағида бойынша жасақталған.

Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету мектепалды даярлық сыныптарының бөлмелелері "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жабдықталған.

Мектепалды даярлық сыныптары ойыншық сөрелермен, шкафпен және жас ерекшеліктеріне сәйкес парта мен орындықтармен жабдықталған.

Көрнекіліктер, кестелер, оқулықтар, альбомдар, құрастырғыштар, иллюстрацияланған басылымдар мен үлестірмелер бар. Сонымен қатар дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, аспан әлемі, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар бар. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп

кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға мүмкіндік беретін кітап бұрышы ұйымдастырылған.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және білім беруге қойылатын талаптар орындалады, санитарлық – гигиеналық жағдайы, температура және жарықтандыру тәртібі санитарлық нормаларға және ережелерге сәйкес.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау, 18 тармағының талаптарына сәйкес.

***4. Баланың дамуы мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы***

**Аталған өлшемшарттар бойынша 2022-2023 оқу жылындағы баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін оқыту нәтижелері және оның жеке дамуының карталары зерделенді. 2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық «А», «Ә» және «Б» сыныптары бойынша 78 тәрбиеленушінің жеке даму картасы толытырылған, нәтиежелер көрсеткіші бойынша түзету шаралары жоспарланған.**

Мониторинг баланың жетістіктерін қадағалау, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру, баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырылған.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылған және алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылған. Бағалау көрсеткіштері Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес I, II, III деңгеймен белгіленген, жеке тұлға даму картасы, салыстырмалы талдау, жиынтық есептер және жыл қорытындысы бойынша жиынтық есеп құрастырылды.

Осылайша, мектеп жасына дейінгі балалардың 100%-ы үшін әрбір баланың жеке дамуының жеке ерте жоспарларының (карталарының) әзірленгені, ал берілген жиынтық бақылау есептері мен жеке даму карталарында қанша бала тексерілгені, даму деңгейлері бойынша балалар саны мониторингте берілген көрсеткіштер үлгілік оқу бағдарламасының жас ерекшеліктеріне сәйкес келетіні анықталды.

**Балалардың жеке даму картасында түзету шаралары әр бақылау кезеңдеріне жоспарланып, толтырылған. Атқарылған шаралар бойынша түзету жұмыстарының қорытындысы шығарылып, тәрбиеленушілердің дағдыларды меңгеру деңгейі анықталған.**

ҚОРЫТЫНДЫ: 2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес **ұйымдастырылып жүргізілген.**

***5. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау***

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша 2022-2023 оқу жылында (бастапқы) мониторинг жүргізілген (мониторинг көшірмелері, білім беру ұйымының барлық тәрбиеленушілерінің жеке дамуының жоспарлары (карталары) МЖМБС сәйкес балалардың даму деңгейін бақылау жүзеге асырылатынын көрсетті. Баланың жетістіктерін бақылау негізінде шығарылады және 3 деңгейдің болуын болжайды:1-деңгей – бала белгілі бір әрекеттер мен білімді қайталайды; 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білімге ие болады; 3-деңгей – бала өз білгенін қолданады және білімді өз бетінше және шығармашылықпен пайдалана алады. Талдау барысында балалардың интеллектуалдық дамуының динамикасы қадағаланып, әр баламен жеке (түзету) жұмыс жүргізу жолдары жүзеге асқаны анықталды.

Балалардың бағдарламалық талаптарға сай дамуы, тәрбиесі мен білім алуына қажетті жағдай жасалған. Әр оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында балалардың бағдарламалық материалды меңгеру нәтижелеріне бастапқы мониторинг жүргізілген. Бағдарламалық материалды меңгеру мониторингін бастау мектепалды даярлық сыныбында балалардың ІІ және ІІІ деңгейлерде барлық білім беру бағыттары бойынша материалды меңгергенін, балалардың игерген дағдылары дағдыларының даму деңгейінің оң динамикасын көрсетті.

Осылайша, тәрбиеленушілердің оқу жетістіктері бақылау талаптарына сай жүргізілетіні анықталды. Нәтижелері «Бақылау парағында» толтырылған. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылды. Баланың жеке даму картасын және бақылау парағын есепке ала отырып, «Диагностикалық мәліметтердің нәтижелері бойынша түзету шаралары» жүргізілді.

**Қорытынды:** Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша тәрбиеленушілердің даму мониторингісін жүргізу Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес сәйкес келеді.

***6. Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің қорытынды болуы және талдау***

Жас кезеңіне сәйкес оқушылардың жетістіктерін (қорытынды) бақылау нәтижелері және талдауы бар (мониторинг көшірмесі, білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 8-қосымшаға сәйкес толтырылған кесте, жалпы есеп) қорытынды мониторинг жүргізілгенін көрсетті. Балалардың танымдық, эмоционалдық, мінез-құлық сферасын белсендіруге, шығармашылық дербестігін дамытуға бағытталған балалардың назарын аудару және шоғырландыру үшін тәрбиешілердің әртүрлі оқу құралдары мен әдістерін қолданатынын көрсетті. Бағдарламалық материалды меңгеру мониторингі «Мектеп жасына дейінгі балалардың дағдылары мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша әдістемелік ұсыныстарға» («Мектепке дейінгі балалық шақ» МЖМБС сәйкес жүзеге асырылады. 2022-2023 жылдарға талдауға ұсынылған құжаттарды зерделей отырып, жиынтық есептер мен берілген жеке даму карталары негізінде баланың дамуы қадағаланатынын көрсетті. Мониторинг білім беру бағыттары бойынша құрылымдалған, бағдарлама талаптарын меңгеру критерийлері көрсетілген: жоғары, орташа, төмен. Орындау үшін сараланған тапсырмалар карточкалар, ойындар, логикалық тапсырмалар және т.б. Тапсырмалар мен тапсырмалардың мазмұны мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді және барлық білім беру салаларында оң динамикасын байқауға болады. Бағдарлама материалын меңгерудің қорытынды мониторингі барлық жас топтарындағы балалардың екінші және үшінші деңгейлерде барлық білім беру бағыттары бойынша материалды меңгергенін көрсетті.

Мониторинг нәтижелері баланың денсаулық сақтау, коммуникативті-лингвистикалық, когнитивтік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларды меңгеруін және жаңа даму міндеттерін ескере отырып, одан әрі педагогикалық процестің даму болашағын анықтады.

**Қорытынды:** Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес **ұйымдастырылып жүргізілген.**

***10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:***

***1. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;***

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі мектепке дейінгі жастағы (2-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалған. 2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін балалар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған.

Мектепалды даярлық сыныбы (5 жастан бастап) ұзақтығы 25-30 минуттан 17 сағат.

Мектепалды даярлық сыныптарында апталық жүктеме «Дене шынықтыру» - 3 сағат, «Сөйлеуді дамыту»- 2 сағат, «Сауат ашу негіздері»-3, «Қазақ тілі»-2 сағат, «Көркем әдебиет»-2, «Математика негіздер» -3 сағат, «Қоршаған ортамен танысу»-2, «Құрастыру»-0,25, «Сурет салу»-0,25 сағат, «Жапсыру»-0,25 сағат, «Мүсіндеу»- 0,25 сағат, «Музыка»-2-сағатты құрады.

**Зерделеу нәтижесінде 2022-2023 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы талаптарының орындалу барысында ауытқушылықтар болмағаны анықталды.

**Қорытынды:** Оқу жұмыс жоспарларындағы оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сәйкес орындалған.

***11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:***

***1. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;***

Жас кезеңділігін сақтау және бір жас немесе біркелкі емес жас принципі бойынша топтарды жасақтау (өлшемшарттардың 9-қосымшаға сәйкес жас топтары бойынша тізімдердің көшірмелері)

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымында 3 мектепалды даярлық сыныбы жұмыс жасады, барлығы-78 бала жинақталған. Мектепалды даярлық сыныптарында жас ерекшеліктері 5- 6 жастағы балалар қамтылған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері ескеріле отырып , жас кезеңдері сақталып, бірдей жастағы балалалар топтарға жинақталған .

**Қорытынды:** : білім беру ұйымында жас кезеңін сақтау және топтарды бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасы, 4-тарау, 25-тармағы талаптарына сәйкес келеді.

**2)Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.**

**2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымына балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы жүргізіліп, тізімделген. Балалардың қозғалысы кітабында тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару уақыты жазылған.** Тәрбиеленушілерді топқа жинақтауда жас кезеңдері сақталған, топтар бірдей жас принцип

бойынша жинақталған. Ата-аналармен жасалған келісім шарттары бар. Балалар қозғалысы журналы, балалар мен ата-аналар құжаттарын тіркеу журналдары талапқа сай жүргізілген. **ҚОРЫТЫНДЫ:** 2022-2023 оқу жылы бойынша МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сай.

## Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

### 2-параграф

<table>
<tr><th colspan="2">Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.</th></tr>
<tr><td></td><td>Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі</td></tr>
<tr><td></td><td><u>Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары</u>:<br>Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Смагулова Майра Бекетаевна - педагог-сарапшы, үшінші санатты басшының орынбасары, еңбек өтілі 30 жыл, аталған қызметте 5 жыл жұмыс атқарып келеді.<br>Директордың бастауыш кластар бойынша орынбасары- Байменова Айымгүл Тасболатқызы - педагог-зерттеуші, еңбек өтілі 32 жыл,аталған қызметте 3 жыл жұмыс атқарып келеді.<br>2022-2023 оқу жылында:<br>Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда №29031 болып тіркелді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365, "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын басшылыққа ала отырып 1-4 сыныптар 1–қосымша, 5-9 сыныптар – 6 қосымша, 10–сыныптың қоғамдық–ғумантиалдық бағыт бойынша 85–қосымшасына,10–сыныптың жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 86 – қосымшасына, 11 – сынып жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 22 – қосымша, 11 – сыныптар қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 21-қосымша сәйкес үлгілік оқу жоспарымен жасалынды.<br>Бастауыш білім беру деңгейінде.<br>1-сыныпта – 19,5 сағаттан<br>2-сыныпта -24 сағаттан<br>3-сыныпта -26 сағаттан<br>4-сыныпта -26 сағаттан</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | **Негізгі орта білім беру деңгейінде**<br>5-сыныпта – 28,5 сағаттан<br>6-сыныпта -28,5 сағаттан<br>7- сыныпта -31,5 сағаттан<br>8-сыныпта –32,5 сағаттан<br>9-сыныпта 34 сағаттан<br>**Жалпы орта білім беру деңгейінде**<br>10-сыныпта – 34 сағаттан жаратылыстану бағытында<br>10- сыныпта – 33 сағаттан гуманитарлық бағытта<br>11- сыныпта -33 сағаттан жаратылыстану бағытында<br>11- сыныпта – 32 сағаттан гуманитарлық бағытта<br>**\Бағаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспарының көшірмесі ұсынылады** |
| **2)** | **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру** |
| | Үлгілік оқу жоспарының инварианттық компонентінің орындалуын растайтын бағаланған кезеңге арналған сабақ кестелері, жұмыс оқу жоспарлары жинақталған, электронды журналдар толтырылған. |
| **3)** | **Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру** |
| | Мектептің 2020 – 2021жж, 2021 – 2022 жж, 2022 -2023 оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысы бойынша жұмыс жоспарлары жасалған.Тәрбие жоспарларында оқушылардың субъективті жаңа білімді тану және меңгеру мәселерін шешуге, ұлттық салт – дәстүрді, мәдениетті зерделеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған іс – шаралар 8 бағыт ішінде көрсетілген және жоспарланған.<br>1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;<br>2. Рухани – адамгершілік тәрбие;<br>3. Ұлттық тәрбие;<br>4. Отбасылық тәрбие;<br>5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;<br>6. Көпмәдениеттік және көркем – эстетикалық тәрбие;<br>7. Зияткерлік тәрбие құндылығы;<br>8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. |
| **4)** | **Білім алушылардың рухани - адамгершілік, азаматтық - патриоттық, көркемдік - эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс - әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс - әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру .** |
| | Оқу жылының алғашқы күнінен бастап оқушылардың әлеуметтік жағдайлары,денсаулықтары жан-жақты зерделеніп, атқарылатын жұмыстардың барысы жоспарланып бекітіледі.<br>Қазіргі таңда мектепте 58 сыныпқа сынып жетекшілері және 3 мектеп алды даярлық сынып жетекші тағайындалған.<br>**<u>Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары</u>**: |

| | |
|---|---|
